ReadySkin Octa аппаратын пайдалану өте оңай, алайда осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықты мұқият зерделеп, аппаратпен жұмыс істеу жөніндегі онда көрсетілген талаптарды қадағалау қажет.

Қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін пайдаланар алдында «Қауіпсіздік шаралары» бөлімін мұқият оқып шығыңыз.

## Жалпы ескертпелер


ReadySkin Octa тұрмыстық аппараты медициналық жабдыққа жатпайды. Аспап үй жағдайларында теріні күтуге (тазарту, массаж, жарық және микро ток әсерлері) арналған. Аспап жұмысының принципі терінің терең қабаттарына дірілдің, жылытудың, салқындатудың, қызыл, көк және жасыл спектрлердегі LED-сәулелену мен микротоктардың әсеріне негізделген.

Аппарат гипоаллергенді материалдардан жасалған.


Бұйымның су өткізбейтін дәрежесі IPX7 құрайды — Құрылғыны кран астында жууға болады.




## Жиынтықталымы



ReadySkin Octa косметологиялық аспабы



Зарядтау құрылғысына арналған қуат бейімдегіші




Аспапты сақтауға және тасымалдауға арналған маталы қап



Зарядтау құрылғысы



Жұмысты бастау жөніндегі қысқаша нұсқаулық




Жылдам бастау нұсқаулығы




Аспапты күтуге арналған майлық

## Сыртқы түрі

*Аспаптың жууға арналған саптамасы бар жағы*



## Аспаптың массажа арналған саптамасы бар жағы



## Және аппаратты басқару

Аппаратты басқару жуынуға арналған щетканы қосу және басқару батырмалары, сондай-ақ корпустағы массаж режимдерін қосу және басқару арқылы жүзеге асырылады.

Жуынуға арналған щетканы қосу және басқару батырмасын ұзақ басып тұру, сондай-ақ массаж режимдерін қосу және басқару құрылғыны қосады және/немесе сөндіреді.

Жға арналған щетканы қосу және басқару батырмасын қайта басу режимді таңдауға мүмкіндік бередіуіну:

1. «Жұмсақ тазарту».
2. «Қалыпты тазарту».
3. «Терең тазарту».

Массаж режимдерін қосу және басқару батырмасын қайта басу режимді таңдауға мүмкіндік береді:

1. «Жеңіл лифтинг-массаж»: EMS + жылыту + қызыл жарық.
2. «Қарқынды лифтинг-массаж»: EMS + жылыту + қызыл жарық+дiрiлдi массаж.
3. «Тыныштандыратын массаж»: түйіспелі салқындату + көк түс + жасыл түс.

Тағамдық платина силиконынан жасалған саптама жұмсақ және нәзік, бұл оны сезімтал және безеуге бейім теріге қолайлы етеді, ал саптаманың құрамындағы күкірт шаң кенелерінің көбеюіне жол бермейді.

Микротоктар (EMS / бұлшықетті электрлік ширату) күтім құралдарының қоректік ортасын суда еритін иондық күйге айналдырады. Белсенді титан ионы мен EMS микротогы эпидермис жасушаларына терең еніп, өз коллагенін ынталандыру арқылы бет болбырлығын



жоюға көмектеседі. Бұл процедура беттің серпімділігін қамтамасыз етеді, сонымен қатар тарту әсерін береді.

Щетканың дірілдейтін басында беттің барлық жерлерін мұқият тазартуды қамтамасыз ететін, түйіспелері тегістелген жүздеген жұмсақ қылшықтар бар. Жұмсақ силикон щетка теріні нәзік тазартады, кірді, артық майды, косметиканың қалдықтарын ерітеді және теріні қабыршақтай отырып терінің мүйізделген бөлшектерін кетіреді.

Термомассаж зат алмасуды жылдамдатады, тері жасушаларының жаңаруын ынталандырады, зақымдалған тіндерді қалпына келтіреді, тері саңылауларын кеңейтеді және теріге қоректік заттардың сіңуін тездетеді.

Төмен температуралы мұз массажи тері саңылауларын тарылтады, тері ылғалданған, серпімді және нұрлы болады. Лифтингтің шекті әсеріне қол жеткізіледі.

Қызыл жарық қан айналымын ынталандырады, жасушалардың өміршеңдігін арттырады, зат алмасуды жақсартады, коллаген талшықтарының синтезіне ықпал етеді және терінің серпімділігі мен жылтырлығын арттырады.

Көк жарық май секрециясын бәсеңдетеді, қабынуды азайтады, бактерицидтік қасиетке ие, безуеу бактерияларын жояды және безуеуден кейінгі тыртықтарды азайтады. Жасыл жарық өтемдеуші және тұрақтандырушы әсерге ие, терінің бұдырлығын, жасқа байланысты өзгерістердің белгілерін, әжімдерді, безуелерді азайтады, терінің күйі мен сыртқы түріне әсер ететін шаршау мен жүйкенің ширығу салдарымен күреседі.

## Пайдаланар алдында

Аппаратта механикалық зақымдардың жоқтығын көзбен шолып тексеруден өткізіңіз. Аспаптың жұмыс беттері мен корпусының зақымдалмағанына көз жеткізіңіз. Аспаптың жеткілікті зарядталғанына көз жеткізіңіз. Аспапты қолданар алдында «Сақтық шаралары» бөлімін мұқият оқып шығуды ұсынамыз.

### *Ескертулер*

- EMS массажының функциясы бұлшықет қаңқасын ынталандыру және нығайту үшін бұлшықеттерге микротоктарды енгізу болып табылады. Қолданудың әсері терінің түріне байланысты ерекшеленуі мүмкін. 5-30 минут ішінде қыздырып шаншу сезімі пайда болады.
- Бет тазалау режимін / EMS режимін күнделікті негізде пайдалану ұсынылады, бірақ үздіксіз пайдалану уақыты 6 минуттан аспауы керек.
- Салқындату функциясынан кейін косметикалық аппараттың саптамасы жылуды автоматты түрде таратып, қыза бастайды, бұл қалыпты жағдай.
- Бұл өнімді қабақ, ерін және құлақ сияқты дененің нәзік және сезімтал аймақтарында қолдануға болмайды.
- Бұйым тек белгілі бір күтім функцияларын орындауға арналған. Тағайындалуы бойынша ғана пайдаланыңыз.
- Сіз бұйымды ойыншық ретінде пайдалана алмайсыз.
- Зарядтау кезінде осы бұйымның түпнұсқалы зарядтау құрылғысын пайдаланыңыз.
- Бұйым нәрестелер мен балаларға жарамайды. Аспапты балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау керек.
- Аппаратты пайдаланған кезде қолдар толығымен құрғақ болуы керек.



- Егер сіз бұйыммен бірге гель, крем, лосьон және басқа да күтім құралдарын қолданғыңыз келсе, олардың қолдану жөніндегі нұсқаулықтарымен танысыңыз.
- 18 жастан кіші және операциядан өткен адамдар қолданар алдында дәрігермен кеңесу керек.
- Бұйымды күшті қышқыл және сілтілі жуғыш заттармен немесе залалсыздандырушы құралдармен тазалауға және зарарсыздандыруға болмайды.

## Тыйым салынған әрекеттер

- Қалқанша безінің немесе лимфа жүйесінің аймағында аппаратты пайдаланбаңыз.
- Аппаратты мойын, көз, құлақ аймағында, жоғарғы қабақтарда немесе самайда қолданбаңыз.
- Бұл бұйымды от немесе жылу көздеріне жақын қоймаңыз.
- Бұйымды тастамаңыз немесе қатты ұрмаңыз.
- Бұйымды 60°C-тан жоғары температурадағы сумен тазаламаңыз.
- Бұйымды ыдыс жуғыш машинамен немесе басқа механикалық құрылғылармен жумаңыз.
- Бұл өнімді немесе зарядтағышты суға немесе басқа сұйықтықтарға 15 минуттан артық батырмаңыз (тереңдігі 1 метрден аспайды).
- Жазатайым оқиғаларды болдырмау үшін жүгіру немесе серуендеу кезінде бұйымды пайдаланбаңыз.
- Аппаратты күшті магнит өрістері, электр толқындары немесе шаңды жерлерде сақтамаңыз және пайдаланбаңыз.
- Аппаратты құрғақ теріге қолданбаңыз.

## Сақтық шаралары

1. Егер сіз аппаратты қолдану кезінде жайсыздықты сезінсеңіз, оны қолдануды тоқтатыңыз. Егер аспапты пайдалану кезінде немесе одан кейін теріде тітіркену, күйік, ауырсыну, аллергиялық реакциялар пайда болса, процедураларды тоқтатып, дәрігерге қаралыңыз.
2. Терінің бір аймағын тым ұзақ өңдемеңіз. Аппаратты үнемі жылжытып отырыңыз.
3. Процедуралар кезінде жарықдиодты шамды тікелей көзге бағыттамаңыз.
4. Түйімпелі салқындату режимін қолданғаннан кейін оны 30 минуттан кейін қайта пайдалануға болады.
5. Аспапты жемір заттармен (мысалы, спирт, бензин, лак кетіргіш құралмен және басқа еріткіштермен) сұртпеңіз. Олар аспаптың бетін зақымдауы мүмкін.
6. Косметологиялық аппаратты тек осы нұсқаулықта тізбеленген мақсаттар үшін пайдаланыңыз.
7. Аспап тек бет, мойын және декольте терісін күтуге арналған. Аспап денені күтуге арналмаған.
8. Терінің жеке ерекшеліктеріне байланысты бұл аппаратты қолдану аллергиялық реакцияларды тудыруы мүмкін.
9. Зиян келтірмеу үшін манипуланы (аппараттың жұмыс беті) тікелей көзге баспаңыз.
10. Қалқанша безінің немесе лимфа жүйесінің аймағында аппаратты пайдаланбаңыз.
11. Аспапты терісі жұқа жерлерде (көздің бұрыштары,



маңдай, мойын және т. б.) қолданған кезде абай болыңыз.

12. Біршама сезімтал теріге қуаты төмендетілген теңшеу ұсынылады.
13. Аппаратты қолданар алдында бір сағат ішінде құрамында спирт, ацетон, хош иістендіргіш, залалсыздандыру құралдары және басқа да тез тұтанатын және ұшпа заттар бар тері күтіміне арналған құралдарды пайдаланбаңыз.
14. Егер процедура жағымсыз болса немесе қолдану кезінде жайсыздық сезілсе, қолдануды дереу тоқтатып, дәрігерге қаралыңыз.
15. Пайдалану кезінде бұйым терімен тығыз байланыста болуы керек, терінің температураға және дірілге сезімталдығына сәйкес қолайлы жылдамдықты таңдау керек.
16. Массаж жасайтын аймақты гельмен немесе лосьонмен ылғалдандыру керек. Аппаратты құрғақ теріге қолдануға тыйым салынады-бұл күйік немесе басқа зақым келтіруі мүмкін.
17. Бұйымды төтенше температура жағдайында сақтау корпус материалына зақым келтіруі және оның қызмет ету мерзімін қысқартуы мүмкін.
18. Қолданғаннан кейін бұйымды тазалау керек. Аппаратты тазаламас бұрын алдымен міндетті түрде қуатты өшіру керек.
19. Әр ретте қолдану алдында, бұйымның көзге көрінетін бұзылған жерлерінің бар-жоғын мұқият тексерген жөн. Егер зақымдар бар болса немесе құрылғы немесе зарядтау станциясы қатты соққыға ұшыраса, бұйымды пайдаланудан бас тартқан жөн.

20. Қуат көзіне қоспас бұрын, жергілікті қуат желісінің кернеуі бұйымда көрсетілген кернеуге сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
21. Пайдалану аяқталғаннан кейін сымсыз зарядтау бейімдегішін ажыратып, бұйымды мұқият тазалап, салқын және құрғақ жерде сақтау керек, сонымен қатар өрт немесе басқа жазатайым оқиғаларды болдырмау үшін зарядтау құрылғысын өшіру керек.
22. Аспапта 30 секундтық қорғаныс функциясы бар. Егер аспап бір режимде 30 секундтан артық жұмыс істесе және келесі режимге ауыспаса, бұйым автоматты түрде қорғаныс режиміне ауысады және өшеді. Оны пайдалануды жалғастыру үшін аппаратты қайта қосу керек.

## Қарсы көрсетілімдер

### *Аспапты келесі санаттағы адамдарға пайдалануға тыйым салынады:*

- Жүрек-қан тамырлары ауруларымен, орнатылған кардиостимулятормен, жүректің ишемиялық ауруымен, қалқанша безінің, жүйке жүйесінің ауруларымен, гипертония, диабетпен, глаукомамен және т. б. зардап шегетін адамдарға;
- Қазіргі уақытта қатерлі ісікпен ауыратындарға немесе ауырғандарға, әсіресе тері қатерлі ісігіне немесе қатерлі ісікке дейінгі зақымдануларға қатысты;
- Есту аппараттары, жүрек ширатқыштар немесе кардиодефибрилляторлар сияқты электронды құрылғылар тағайындалған адамдарға;
- Жүкті, бала емізетін әйелдерге, сондай-ақ етеккір кезеңінде әйелдерге;
- Ісіктер болған кезде және жаралардың типсіз жазылуы кезінде;



- Гормондық терапиядан өту кезінде;
- Электр тогына сезімтал адамдарға;
- Иммуносупрессивті ауруларға байланысты иммундық жүйенің бұзылымы бар немесе иммуно-депрессанттар қабылдайтын адамдарға;
- Массаж аймағында жылу тітіркенуіне сезімтал кез келген ауруы бар адамдарға, мысалы, қайталанатын ұшық вирусы;
- Массаж аймағында жаралар, іріңдер, бөртпелер және т. б. сияқты қандай да бір тері аурулары бар адамдарға;
- Массаж аймағында қатты бөртпелер, тыртық шорлары және қабыну сияқты жергілікті зақымданулар бар адамдарға;
- Массаж аймағында күнге күйген адамдарға;
- Массаж аймағында теріні лазерлік жасарту, теріні химиялық жасарту немесе жараларды емдеу жүргізілсе;
- Массаж аймағында металл, пластик, силикон сияқты перманентті филлерлер бар адамдарға;
- Массаж аймағында гиалурон қышқылы және ботокс сияқты уақытша филлерлері бар адамдарға

***Аспапты келесі жағдайларда пайдалануға тыйым салынады:***

- Жедел жұқпалы және вирустық аурулар;
- Жүрекширатқыштың болуы;
- Тері және дәнекер тінінің аурулары (мысалы, терінің қатаюы, қызыл жегі);
- Өршу сатысындағы созылмалы дерматиттер мен дерматоздар;

- Өршу сатысында безеу;
- Аспаптың болжамды әсер ету аймағында купероздың болуы;
- Тыртық түйіндердің түзілуіне бейімділік;
- Өңдеу аймағында силикон имплантаттарының, алтын жіптердің, металл имплантаттардың болуы;
- Қант диабетінің ауыр түрлері;
- Гипертонияның ауыр кезеңдері;
- Бала немесе жасөспірім жасы;
- Дерматотропты препараттарды қабылдау (мысалы, роаккутан);
- Тұмау, ЖРВЖ, жоғары температура;
- Солярйиге барғанда немесе белсенді күнге күю кезеңінде.

***Келесі жағдайларда аспапты қолдану маманның бақылауымен ұсынылады:***

- терінің аллергиялық реакциялары, безеулер, дерматит, дерматологтан емделу кезінде, сондай-ақ косметикалық операциялардан немесе шашты ауыстырып орналастырудан кейін.

*Назар аударыңыз  
Косметологиялық  
аппаратты  
қолданар алдында  
оны толығымен  
зарядтаңыз.  
Зарядтау кезінде  
аспапты пайдала-  
нуға болмайды*

## Аспапты зарядтау

### Компьютерден

Аспапты зарядтау құрылғысына орнатыңыз (зарядтау базасы). Компьютерді қосыңыз, содан кейін оған USB кәбілінің көмегімен аспаптың зарядтау құрылғысын қосыңыз. Косметикалық аппаратты сымсыз зарядтау с орналастырғаннан кейін, аппараттың барлық индикаторлары 5 рет жыпылықтайды, бұл қуат көзіне дұрыс қол жеткізуді көрсетеді; осы уақытта косметикалық аппарат щеткасының төменгі жағындағы зарядтау индикаторы көк түспен жыпылықтайды, бұл бұйымның зарядталып жатқанын көрсетеді. Зарядтау шамамен 8-12 сағатты құрайды (зарядтау уақыты заряд көлеміне байланысты өзгеруі мүмкін). Зарядтау аяқталғаннан кейін зарядтау шамы көк түспен үздіксіз жанады.

Қауіпсіздік пен энергияны үнемдеу мақсатында зарядтау аяқталғаннан кейін зарядтау құрылғысынан қуатты ажырату ұсынылады.

### Розеткадан

Аспапты зарядтау құрылғысына орнатыңыз (зарядтау базасы). Зарядтау базасын кәбіл арқылы бейімдегішке қосыңыз (жеткізілім жинағына кіреді), содан кейін бейімдегішті розеткаға қосыңыз. Косметикалық аппаратты сымсыз зарядтау станциясына орналастырғаннан кейін, аппараттың барлық индикаторлары 5 рет жыпылықтайды, бұл қуат көзіне дұрыс қол жеткізуді көрсетеді; осы уақытта косметикалық аппарат щеткасының төменгі жағындағы зарядтау индикаторы көк түспен жыпылықтайды, бұл бұйымның зарядталып жатқанын көрсетеді. Зарядтау шамамен 8-12 сағатты құрайды (зарядтау уақыты заряд көлеміне байланысты өзгеруі мүмкін). Зарядтау аяқталғаннан кейін зарядтау шамы көк түспен үздіксіз жанады.

Қауіпсіздік пен энергияны үнемдеу мақсатында зарядтау аяқталғаннан кейін зарядтау құрылғысынан қуатты ажырату ұсынылады.

<b>Қуаттау күйінің жарық индикаторы</b>	<b>Түсіндіру</b>
Ауыстырып-қосу индикаторы 3 рет жыпылықтайды	Батареяның төмен заряды, зарядтау қажет
Ауыстырып-қосу индикаторы 5 рет жыпылықтайды	Қуаттауды дұрыс қосу
Зарядтау индикаторы лүпілдеген жарықпен жыпылықтайды	Зарядтау
Зарядтау индикаторы үнемі жанып тұрады	Зарядтау аяқталды, толық зарядталды



Назар аударыңыз  
Процедуралар  
жүргізу кезінде  
бет терісі  
құрғақ болмауы  
керек, жанасу  
ортасын құру  
және аппарат-  
тың жұмыс  
бетінің сырғуын  
жақсарту үшін  
арнайы космети-  
калық құралдар  
мен гельдерді  
қолданыңыз

## Процедураларды жүргізу

### Аппараттың функциялары

- Тазарту.
- EMS / микротоктар (бұлшықетті электрлік ширату).
- Дірілді массаж.
- Жылы компресс.
- Суық компресс.
- Қызыл түс.
- Көк түс.
- Жасыл түс.

### Тазарту

Щетканың дірілдейтін силикон басында беттің барлық жерлерін мұқият тазартуды қамтамасыз ететін, түйіспелері тегістелген жүздеген жұмсақ қылшықтар бар. Жұмсақ силикон щетка теріні нәзік тазартады, кірді, артық майды, косметиканың қалдықтарын ерітеді және теріні қабыршақтай отырып терінің мүйізделген бөлшектерін кетіреді. Тағамдық платина силиконынан жасалған саптама жұмсақ және нәзік, бұл оны сезімтал және безеуге бейім теріге қолайлы етеді, ал саптаманың құрамындағы күкірт шаң терідегі кенелер көбеюіне жол бермейді.

### EMS / микротоктар (бұлшықетті электрлік ширату)

EMS фейсфитнеске тамаша балама болып табылады.

Микро токтар (EMS / бұлшықетті электрлік ширату) тіңдердегі қан айналымын жақсартады, жасушаларды «оятады», күтім құралдарының қоректік ортасын суда еритін иондық күйге айналдырады. Белсенді титан



ионы мен EMS микротогы эпидермис жасушаларына терең еніп, өз коллагенін ынталандыру арқылы бет болбырлығын жоюға көмектеседі. Бұл процедура беттің серпімділігін қамтамасыз етеді, сонымен қатар бұлшықеттің жиырылуы есебінен тарту әсерін береді.

### ***Дірілді массаж***

ReadySkin Octa аспабының көмегімен қарқынды діріл массажы сергітеді, беттің түсін жақсартады, ісінуді жояды, қан айналымын және тіндердегі лимфа ағынын жақсартады. Діріл массажы бет сопақшасын түзетуге және «жастық бұрышы» контурларын айқындауға ықпал етеді.

### ***Жылы компресс***

Термомассаж терінің терең қабаттарындағы зат алмасуды жылдамдатады, тері жасушаларының жаңаруын ынталандырады, зақымдалған тіндерді қалпына келтіреді, тері саңылауларын кеңейтеді және теріге қоректік заттардың сіңуін тездетеді.

### ***Суық компресс***

Төмен температуралы мұз массажы тері саңылауларын тарылтады, процедуралардан кейін теріні тыныштандырады, лифтингтің шекті әсеріне қол жеткізіледі. Тері біршама ылғалданған, серпімді және нұрлы болады.

### ***Қызыл түс***

Қызыл жарық қан айналымын ынталандырады, жасушалардың өміршеңдігін арттырады, зат алмасуды жақсартады, коллаген талшықтарының синтезіне ықпал етеді және терінің серпімділігі мен жылтырлығын арттырады.





### **Көк түс**

Көк жарық май секрециясын бәсеңдетеді, қабынуды азайтады, бактерицидтік қасиетке ие, безеу бактерияларын жояды және безеуден кейінгі тыртықтарды азайтады.

### **Жасыл түс**

Жасыл жарық өтемдеуші және тұрақтандырушы әсерге ие, терінің бұдырлығын, жасқа байланысты өзгерістердің белгілерін, әжімдерді, безеулерді азайтады, терінің күйі мен сыртқы түріне әсер ететін шаршау мен жүйкенің ширығу салдарымен күреседі.

### **Аппарат режимдері**

1. «Жұмсақ тазарту».
2. «Қалыпты тазарту».
3. «Терең тазарту».
4. «Жеңіл лифтинг-массаж»: EMS + жылыту + қызыл жарық.
5. «Қарқынды лифтинг-массаж»: EMS + жылыту + қызыл жарық+дірілді массаж.
6. «Тыныштандыратын массаж»: түйіспелі салқындату + көк түс + жасыл түс.

*Назар аударыңыз  
Аспапты құрғақ  
теріге пайдалануға  
болмайды.  
Процедуралар  
жүргізу кезінде  
теріні күтім  
құралдарымен  
және сумен жақсы  
ылғалдандыру  
керек*

*Ескертпе  
егер осы режимде  
тазарту  
қарқындылығы  
жеткіліксіз болып  
көрінсе, қажет  
болған жағдайда  
аспапты бұл  
күйден сол батыр-  
маны бірнеше  
рет қысқа басу  
арқылы «Терең  
тазарту»  
режіміне ауысты-  
руға болады*

## Іздеу функциясын пайдалану

### «Жұмсақ тазарту» режимі

«Жұмсақ тазалау» режимі үшін аспаптың жуынуға арналған саптама жағын пайдаланыңыз.

### Процедураны жүргізу кезеңдері

1. Теріні макияждан және сыртқы ластанулардан тазартыңыз.
2. Бетіңізді, мойныңызды және декольте аймағын оларды сүртпей сумен жуыңыз (теріңіз дымқыл болуы керек).
3. Бетке, мойынға және декольте аймағына қажетті мөлшерде тазартқыш құралды (мысалы, жуынуға арналған гель) біркелкі жағыңыз.
4. Жуынуға арналған щетканы қосу және басқару батырмасын ұзақ басу арқылы аспапты қосыңыз. Әдепкі бойынша «Жұмсақ тазарту» режимі қосылады.
5. Құрылғының силикон щеткасын теріге жақын қойыңыз. Жұмсақ көбік пайда болғанша теріні айналмалы қозғалыстармен силиконды діріл щеткасымен ақырын өңдеңіз.
6. Жуынуға арналған щетканы қосу және басқару батырмасын ұзақ басу арқылы аспапты өшіріңіз.
7. Бетіңізді, мойныңызды және декольте аймағын мұқият жуыңыз, көбік пен ластануларды шайыңыз. Бетіңізді жұмсақ мақта сүлгімен сүртіңіз.



### **«Қалыпты тазарту» режімі**

«Қалыпты тазарту» режімі үшін аспаптың жуынуға арналған саптама жағын пайдаланыңыз.

#### **Процедураны жүргізу кезеңдері**

1. Теріні макияждан және сыртқы ластанулардан тазартыңыз.
2. Бетіңізді, мойныңызды және декольте аймағын оларды сүртпей сумен жуыңыз (теріңіз дымқыл болуы керек).
3. Бетке, мойынға және декольте аймағына қажетті мөлшерде тазартқыш құралды (мысалы, жуынуға арналған гель) біркелкі жағыңыз.
4. Жуынуға арналған щетканы қосу және басқару батырмасын ұзақ басу арқылы аспапты қосыңыз. Әдепкі бойынша «Жұмсақ тазарту» режімі қосылады. Бір рет қысқа басу арқылы (~ 0,5 секунд) аспапты «Қалыпты тазарту» режіміне ауыстырыңыз.
5. Құрылғының силикон щеткасын теріге жақын қойыңыз. Жұмсақ көбік пайда болғанша теріні айналмалы қозғалыстармен силиконды діріл щеткасымен ақырын өңдеңіз.
6. Жуынуға арналған щетканы қосу және басқару батырмасын ұзақ басу арқылы аспапты өшіріңіз.
7. Бетіңізді, мойныңызды және декольте аймағын мұқият жуыңыз, көбік пен ластануларды шайыңыз. Бетіңізді жұмсақ мақта сүлгімен сүртіңіз.

*Ескертпе  
егер осы режімде  
тазарту  
қарқындылығы  
жеткіліксіз болып  
көрінсе, қажет  
болған жағдайда  
аспапты бұл  
күйден сол батыр-  
маны бірнеше  
рет қысқа басу  
арқылы «Терең  
тазарту»  
режіміне ауысты-  
руға болады*

### **«Терең тазарту» режимі**

«Терең тазарту» режимі үшін аспаптың жуынуға арналған саптама жағын пайдаланыңыз.

#### **Процедураны жүргізу кезеңдер**

1. Теріні макияждан және сыртқы ластанулардан тазартыңыз.
2. Бетіңізді, мойныңызды және декольте аймағын оларды сұртпей сумен жуыңыз (теріңіз дымқыл болуы керек).
3. Бетке, мойынға және декольте аймағына қажетті мөлшерде тазартқыш құралды (мысалы, жуынуға арналған гель) біркелкі жағыңыз.
4. Жуынуға арналған щетканы қосу және басқару батырмасын ұзақ басу арқылы аспапты қосыңыз. Әдепкі бойынша «Жұмсақ тазарту» режимі қосылады. Екі рет қысқа басу арқылы (~0,5 секунд) аспапты «Терең тазарту» режиміне ауыстырыңыз.
5. Құрылғының силикон щеткасын теріге жақын қойыңыз. Жұмсақ көбік пайда болғанша теріні айналмалы қозғалыстармен силиконды діріл щеткасымен ақырын өңдеңіз.
6. Жуынуға арналған щетканы қосу және басқару батырмасын ұзақ басу арқылы аспапты өшіріңіз.
7. Бетіңізді, мойныңызды және декольте аймағын мұқият жуыңыз, көбік пен ластануларды шайыңыз. Бетіңізді жұмсақ мақта сүлгімен сүртіңіз.

### **Сақтық шаралары**

1. Теріні тазартуға арналған аппаратты қолданған кезде щетканың бастиегін қозғалыста ұстау керек және оны бет терісінің бір аймағында ұзақ уақыт ұстамау керек, өйткені бұл терінің мүйізді қабатының жұқаруына және сәйкесінше терінің денсаулығына байланысты проблемаларға әкелуі мүмкін.
2. Егер бетте себореялық дерматит немесе жергілікті инфекция болса, тазалау функциясын орындамаған дұрыс, себебі бұл терінің ауыр проблемаларына әкелуі мүмкін.
3. Егер бетінде тері астындағы имплантаттар немесе хирургиялық тігістер болса, тазалау функциясын орындамаған жөн.

Қолдану аяқталғаннан кейін косметикалық аппаратты сумен жуып, су дақтарын сүрту үшін арнайы майлықпен немесе жұмсақ сүлгімен сүрту керек. Аспапты тазалап сүртіңіз және оны құрғақ және желдетілетін жерде сақтаңыз. Косметикалық аппараттың құрғақ болып қалуын бақылаңыз.



## Батырмамен басқару

### Жұмсақ тазарту

Жуынуға арналған щетканы қосу және басқару батырмасын басып ұстап тұрыңыз.

Щетканың бастиегі жұмсақ тазарту режимінде бір «тықылдаған» сигналмен дірілдей бастайды және «жұмсақ тазарту режимінде» 2 минут жұмыс істеуді жалғастырады, содан кейін аспап тағы бір «тықылдаған» сигналмен өшеді.

### Қалыпты тазарту

Жуынуға арналған щетканы қосу және басқару батырмасын бір рет басыңыз.

«Жұмсақ тазарту режимінде» жұмыс істеген кезде щетканың бастиегін басқару батырмасын тағы бір рет басыңыз, содан кейін щетканың бастиегі дірілдей бастайды, «Қалыпты тазарту режиміне «тықылдаған» дыбыспен өтіп, «Қалыпты тазарту режимінде» 2 минут бойы жұмысын жалғастырады, содан кейін аспап тағы бір «тықылдаған» сигналмен өшеді.

### Терең тазарту

Жуынуға арналған щетканы қосу және басқару батырмасын екі рет басыңыз.

«Қалыпты тазарту режимінде» жұмыс істеген кезде щетканың бастиегін басқару батырмасын тағы бір рет басыңыз, содан кейін щетканың бастиегі дірілдей бастайды, «Терең тазарту режиміне «тықылдаған» дыбыспен өтіп, «Терең тазарту режимінде» 2 минут бойы жұмысын жалға-



ReadySkin

*Басу дегеніміз 0,5 секунд басу, содан кейін босатуды білдіреді; «Басыңыз және ұстап тұрыңыз» дегеніміз 1 секундтан артық басуды, содан кейін босатуды білдіреді*

стырады, содан кейін аспап тағы бір «тықылдаған» сигналмен өшеді.

### **Сөнд.**

Жуынуға арналған щетканы қосу және басқару батырмасын басып ұстап тұрыңыз.

Кез келген жұмыс режимінде щетканың бастиегін басқару батырмасын басып ұстап тұрыңыз, косметикалық аппараттың «тықылдаған» сигналынан кейін ауыстырып қосу индикаторы 3 рет жыпылықтайды және косметикалық аппарат мәжбүрлі өшіріледі.

*Назар аударыңыз  
Аспапты құрғақ  
теріге пайдала-  
нуға болмайды.  
Процедураны  
жүргізу кезінде  
теріні күтім  
құралдарымен  
және сумен жақсы  
ылғалдандыру  
керек*

## Массаж функцияларын қолдану

*«Жеңіл лифтинг-массаж», «Қарқынды лифтинг- массаж» және «Тыныштандыратын массаж» режимдерін қолданар алдында массаж саптамасының жұмыс бетін жемір емес антисептикалық құралмен сүртіңіз.*

### **«Жеңіл лифтинг- массаж» режимі**

Әсер етуі: EMS + жылыту + қызыл жарық.

«Жеңіл лифтинг-массаж» режимі үшін аспаптың массажға арналған саптамасы жағын пайдаланыңыз.

### **Процедураны жүргізу кезеңдері**

1. Артық көбікті немесе басқа ластануларды кетіру үшін бетіңізді сумен шайыңыз, содан кейін бетіңізді таза, жұмсақ сүлгімен сүртіңіз.
2. Күтім эссенциясының, сарысудың немесе тері күтіміне арналған гелдің қажетті мөлшерін алыңыз және бет терісіне біркелкі жағыңыз.
3. Қосу және массаж режимдерін басқару батырмасын ұзақ басу арқылы аспапты қосыңыз. Әдепкі бойынша, «Жеңіл лифтинг-массаж» режимі қосылады.
4. Косметикалық аппараттың массаж бастиегін теріге жақын қойыңыз. Жақсы әсерге қол жеткізу үшін оны беттің массаж сызықтары бойымен баяу қозғалтып жылжытыңыз.
5. Массаж режимдерін қосу және басқару батырмасын ұзақ басу арқылы аспапты өшіріңіз.
6. Процедурадан кейін құралдың қалдықтарын сумен шайып, бетіңізді таза, жұмсақ сүлгімен құрғатыңыз.

*Ескертпе  
егер осы режимде  
лифтинг-мас-  
саждың  
қарқындылығы  
жеткіліксіз болып  
көрінсе, қажет  
болған жағдайда  
аспапты осы  
күіден сол батыр-  
маны қысқа қайта  
басу арқылы  
«Қарқынды  
лифтинг-массаж»  
режіміне ауысты-  
руға болады*





### **«Қарқынды лифтинг-массаж» режімі**

Әсер етуі: EMS + жылыту + қызыл жарық+дірілді массаж.

«Қарқынды лифтинг-массаж» режімі үшін аспаптың массажға арналған саптамасы жағын пайдаланыңыз.

#### **Процедураны жүргізу кезеңдері**

1. Ластануды кетіру үшін бетіңізді сумен жуыңыз, содан кейін бетіңізді таза, жұмсақ сүлгімен сүртіңіз.
2. Күтім эссенциясының, сарысудың немесе тері күтіміне арналған гелдің қажетті мөлшерін алыңыз және бет терісіне біркелкі жағыңыз.
3. Қосу және массаж режімдерін басқару батырмасын ұзақ басу арқылы аспапты қосыңыз. Әдепкі бойынша, «Жеңіл лифтинг-массаж» режімі қосылады. Сол батырманы қайтадан қысқа басу арқылы «Қарқынды лифтинг-массаж» режімін таңдаңыз (діріл массажы функциясы қосылады).
4. Косметикалық аппараттың массаж бастиегін теріге жақын қойыңыз. Жақсы әсерге қол жеткізу үшін оны беттің массаж сызықтары бойымен баяу қозғалтып жылжытыңыз.
5. Массаж режімдерін қосу және басқару батырмасын ұзақ басу арқылы аспапты өшіріңіз.
6. Процедурадан кейін құралдың қалдықтарын сумен шайып, бетіңізді таза, жұмсақ сүлгімен құрғатыңыз.

*Ескертпе  
қажет болса, осы  
күіден аспапты  
сол батырманы  
қысқа мерзімді  
басу арқылы  
«Тыныштанды-  
ратын массаж»  
режіміне ауысты-  
руга болады*



### **«Тыныштандыратын массаж» режимі**

Әсер етуі: Суық компресс + көк жарық + жасыл жарық.

«Тыныштандыратын массаж» режимі үшін аспаптың массажаға арналған саптамасы жағын пайдаланыңыз.

### **Процедураны жүргізу кезеңдері**

1. Ластануды кетіру үшін бетіңізді сумен жуыңыз, содан кейін бетіңізді таза, жұмсақ сүлгімен сүртіңіз.
2. Күтім құралының қажетті мөлшерін алыңыз және бет терісіне біркелкі жағыңыз.
3. Қосу және массаж режимдерін басқару батырмасын ұзақ басу арқылы аспапты қосыңыз. Әдепкі бойынша, «Жеңіл лифтинг-массаж» режимі қосылады. Сол батырманы екі рет қайталап басу арқылы «Тыныштандыратын массаж» режимін таңдаңыз (аспап біртіндеп суық генерация режиміне өтеді, кезек-кезек көк және жасыл жарық әсер ете бастайды).
4. Косметикалық аппараттың массаж бастиегін теріге жақын қойыңыз. Жақсы әсерге қол жеткізу үшін оны беттің массаж сызықтары бойымен баяу қозғалтып жылжытыңыз.
5. Массаж режимдерін қосу және басқару батырмасын ұзақ басу арқылы аспапты өшіріңіз.
6. Процедурадан кейін құралдың қалдықтарын сумен шайып, бетіңізді таза, жұмсақ сүлгімен құрғатыңыз.



### **Сақтық шаралары**

1. Массаж арқылы теріге әсер ету кезінде саптаманың бетін бүкіл процес бойында теріге жақын ұстау керек, оны бір аймақта ұзақ уақыт бойы ұстамауға болмайды.
2. Бұл функция жүкті әйелдерге, жүрек ауруы бар адамдарға, жүрек ширатқыштары бар адамдарға, тері астындағы имплантаттары бар әйелдерге немесе хирургиялық жабық жаралары бар әйелдерге жарамайды.
3. EMS массаж режимі аяқталғаннан кейін косметикалық аппараттың бастиегінде аздаған ластану қалуы мүмкін. Бұл аспаптың терідегі ластануларды шығаратындығының көрсеткіші. Косметикалық аппаратты тазарту үшін кәдімгі суды қолданыңыз.
4. EMS массажы аяқталғаннан кейін косметикалық аппаратты сумен жуып, су дақтарын арнайы майлықпен немесе жұмсақ сүлгімен сүрту керек. Аспапты тазалап сүртіңіз және оны құрғақ және желдетілетін жерде сақтаңыз.

Процедуралардың әсері жинақтаушы болып табылады және 2-4 апта ішінде күшейеді. Процедуралардың қажетті саны терінің бастапқы күйіне байланысты.

## Батырмамен басқару

### Жеңіл лифтинг-массаж

Массаж режимдерін қосу және басқару батырмасын басып ұстап тұрыңыз.

Косметикалық аппарат қысқа, өзіне тән тықылдаған дыбыспен іске қосылады және жеңіл лифтинг-массаж режиміне өтеді, ал күтім процедурасының индикаторы қызыл түспен жанады.

### Қарқынды лифтинг-массаж

Массаж режимдерін қосу және басқару батырмасын бір рет басыңыз.

Аппарат өзіне тән қысқа тықылдаған дыбыспен іске қосылады және қарқынды лифтинг-массаж режиміне өтеді және микро дірілді массаж функциясын белсендіреді, ал бұл кезде өңдеу индикаторы үнемі қызыл түспен жанып тұрады.

### Тыныштандыратын массаж

Массаж режимдерін қосу және басқару батырмасын екі рет басыңыз.

Косметикалық аппарат қысқа, өзіне тән тықылдаған дыбыспен іске қосылады және тыныштандыратын-массаж режиміне өтеді, ал күтім процедурасының индикаторы көк түспен жанады.



**Сөнд.**

Массаж режимдерін қосу және басқару батырмасын басып ұстап тұрыңыз.

Кез келген жұмыс режимінде өңдеуді басқару батырмасын басып ұстап тұрыңыз, косметикалық аппараттың «тықылдаған» сигналынан кейін өңдеу индикаторы 3 рет жыпылықтайды және аппарат мәжбүрлі өшіріледі.

**Назар аударыңыз**

*Өндіруші-фирмаға және сауда ұйымына ағымдағы пайдалану қағидаларын бұзудан немесе процедураларды жүргізу әдістемелерін сақтамаудан туындаған, аппаратты қолданудың салдары үшін ешқандай жауапкершілік артылмайды.*



*Назар аударыңыз  
Антисептикалық  
құрал аспаптың  
пластик  
корпусының  
ішіне енбеуі тиіс.  
Сұйықтықтың  
аздаған мөлшері  
бар майлықтарды  
қолданыңыз*

## **Аппаратқа қызмет көрсету**

Әрбір процедураны бастамас бұрын және аяқтағаннан кейін антисептикалық ерітіндіге (спирттің 70% ерітіндісі, хлоргексидин, сутегінің асқын тотығы) малынған жұмсақ майлықтың көмегімен аппараттың жұмыс бетін антисептикалық өңдеуді жүргізу қажет. Аспаптың корпусын мезгіл-мезгіл бейтарап жуғыш құралмен аздап ылғалданған жұмсақ майлықпен сүртіңіз (бұл жағдайда аспап өшірілуі тиіс).

### ***Тыйым салынады***

- Аппликаторлар мен корпусы сүрту үшін агрессивті өнімдер мен еріткіштерді қолдануға.
- Қатты түкті немесе абразивті қабаты бар майлықтарды қолдануға.
- Аппаратты қатты механикалық әсерге ұшыратуға.



## Жиі қойылатын сұрақтар

### Сұрақ

### Жауабы

Бір процедурада қанша гель/құрал қолдану керек?

Бұл аппараттың құрылмасы сырғуды қамтамасыз ету үшін лифтинг-массаж бен тыныштандыратын массаж режимінде гельді қолдануды қажет етеді. Гельді/күтім құралын жаққан кезде аспапты терімен жылжытудың және одан ажыратудың жеңіл болуына негізделуі керек; егер қозғалыс қиын болса, көбірек гель жағыңыз немесе бетіңізді сумен сулаңыз.

Процедура кезінде тері қызарса не істеу керек?

Бұл әсер теріге микро токтар мен қыздырудың әсерінен болады. Жағымсыз сезімдер жағдайында «Тыныштандыратын массаж» режимін немесе теріні салқындататын басқа әдістерді қолдануға болады.

Бетіңізде шаншу сезімі пайда болған кезде не істеу керек?

Шаншу электромиостимуляция кезінде микро токтарға байланысты пайда болады. Шаншу бұл қалыпты және жол берілетін сезіну болып табылады.

Жуынатын бөлмеде аспапты қолдануға бола ма?

Бұл жуынатын бөлмеде қолдануға болатын ылғалдан қорғалған аппарат, бірақ сумен толтырылған ваннада емес.

*Егер ақаулықты өз бетінше шешу мүмкін болмаса, бұйымды сатушыға немесе*

*8 800 755-56-29 телефоны бойынша импорттаушының жедел желісіне немесе e-mail:*

*garotdel@mail.ru жүгіну қажет*

## Ақауларды жою

Белгілер	Ықтимал себептер	Шешім
Құрылғы қосылмайды	Сіз жуынуға арналған щетканы қосу және басқару батырмасын немесе массаж режимдерін қосу және басқару батырмасын жеткілікті ұзақ басып ұстамадыңыз	Аспапты қосу үшін қажетті батырманы 2 секундтан артық басып ұстап тұрыңыз
	Құрылғы зарядталады	Пайдалану үшін зарядтау құрылғысынан алыңыз
	Батарея тоғынан ажыратылған	Аспапты зарядтау құрылғысына қосыңыз
Зарядтағаннан кейін аспап небәрі бірнеше минут жұмыс істейді	Батарея тоғынан ажыратылған	Аспапты зарядтау құрылғысына қосыңыз
	Батареялардың қызмет ету мерзімі өткен	Сатушы ұйымға жүгініңіз
	Күту режимі/ автоматты сөндіру	Аспапты қосу үшін жуынуға арналған щетканы қосу және басқару батырмасын немесе массаж режимдерін қосу және басқару батырмасын 2 секунд бойы басып ұстап тұрыңыз
Аспап зарядталмайды (зарядтау индикаторы жыпылықтамайды)	Қуат бейімдегіші розеткаға толығымен салынбаған	Қуат бейімдегішін розеткаға толығымен салыңыз
	Қуат бейімдегіші аспапқа толығымен салынбаған	Қуат бейімдегішін аспапқа толығымен салыңыз





<b>Белгілер</b>	<b>Ықтимал себептер</b>	<b>Шешім</b>
Аспап қызып кетеді	Ұзақ пайдалану	Қуатты ажыратыңыз және аспапты 1 сағат бойы пайдаланбаңыз
«Тыныштан-дыратын массаж» режимінде салқындық сезілмейді	Салқындату режимін ұзақ пайдалану  Аспап ұсынылған бөлме температурасының диапазонынан тыс шектерде пайдаланылады	Қуатты ажыратыңыз және аспапты 30 минут бойы пайдаланбаңыз  Аспапты 15-тан бастап 30оС-қа дейінгі бөлме температурасында пайдаланыңыз
Тым күшті электромиостимуляция (шаншу сезімі)	Тері құрғаған немесе тым құрғақ	Процедура алдында теріңізді мицеллярлық сумен немесе ылғалдандырғыш құралмен ылғалдандырыңыз. Аппаратты теріге тигізу үшін жеткілікті мөлшерде гель жағыңыз
Электромиостимуляция режимінде сезіну жоқ	Аспап теріге тимейді немесе гель/күтім құралы тым аз	Манипуланы (массаж жұмыс беті) теріге басып, терінің жеткілікті ылғалды екеніне көз жеткізіңіз

*ReadySkin Octa аппаратының ішінде қызмет көрсетуді қажет ететін компоненттер немесе бөлшектер жоқ*



## Аспапты күту ережелері

Косметологиялық аппаратты әр процедураға дейін және одан кейін тазалаңыз.

1. Аспапты сөндіріңіз және зарядтау құрылғысын ажыратыңыз.
2. Электродтардың бетін залалсыздандыру құралымен тазалаңыз.

Егер аспап ұзақ уақыт пайдаланылмаса, оны тазалап, сенімді жерге қойыңыз.

Косметологиялық аппаратты қысқа толқынды пештер мен басқа жылыту аспаптарының жанына, температурасы мен ылғалдылығы жоғары үй-жайларға, сондай-ақ тікелей күн сәулесінің астына қоймаңыз.

Аппарат балалардың қолы жетпейтін жерде болуы керек.



## Техникалық сипаттамалары

Модель .....	Octa
Қуаттау .....	Кіріктірілген аккумулятор
Аккумулятор сыйымдылығы .....	≈ 1450 мАсағ
Адаптердің Шығыс параметрлері .....	5В / 2А 10 Вт
Аппараттың қоректену кернеуі .....	(AC) 220 В
Адаптердің кіріс параметрлері .....	100-240 В ~ 50 Гц; 0,4 А
Зарядтау уақыты .....	≈ 8 ч
Резервтегі жұмыс уақыты .....	≈ 250 ч
Бет терісіне күтім жасау және массаж жасау құралының кернеуі мен қуаты .....	3,7 В / 9 Вт
Бұйымның өлшемдері .....	144,5×40,1×50,5 (мм)
Зарядтау станциясының салмағы .....	44 г
Салмағы .....	≈ 140 г (зарядтау құрылғысынсыз)



## Сақтау және іске асыру қағидалары

Бұйым ауа температурасы +5-тен +40°C- ге дейін және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80% дейінгі жылытылатын үй-жайда сақталуы керек.

Бұйымдар сақталатын бөлмелерде булары немесе газдары коррозия тудыруы мүмкін қышқылдардың, сілтілердің және басқа да химиялық белсенді заттардың буы болмауы тиіс.

Сату жеткізуге жасалған келісім шарттарға сәйкес жүзеге асырылады.

## Тасымалдау қағидалары

Қаптамадағы бұйымдар мен деректер тасығыштар автомобиль, теміржол және авиациялық (герметикталған бөліктерде) көлік түрлерімен оларды ластанудан және атмосфералық жауын-шашыннан қорғау шартымен кез келген қашықтыққа тасымалдануы мүмкін.

Темір жол арқылы тасымалдау жабық вагондарда, ал ашық вагондарда тасымалдау кезінде контейнерлерде жүзеге асырылуы тиіс. Қапталған бұйымдары бар тасымалдау ыдысын көлік құралдарына орналастыру және бекіту, оның орнықты орналасуын қамтамасыз етуге және тасымалдау кезінде орын ауыстыруға жол бермеуге тиіс.

## Сертификация

ReadySkin Octa сертификациясы Кеден одағының 020/2011, 004/2011 және ЕАЭО 037/2016 техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкес келеді.

## Тауарға кепілдік

ReadySkin Octa бұйымының кепілдік кезеңі тауарды жеткізген күннен бастап 12 айды құрайды.

Кепілдік келесі шарттарды сақтаған кезде әрекет етеді:

- тұтынушыға бұйыммен жиынтықта берілетін құжаттамада мазмұндалған пайдалану қағидалары мен шарттары бұзылмаса;
- тауарды тұтынушыға бергеннен кейін пайда болған механикалық зақымданулар, біліксіз жөндеу іздері болмаса, бұйымның құралымы немесе сызбасы өзгермесе;
- өрттен, найзағайдан немесе басқа табиғи құбылыстардан, қасақана немесе абайсыз әрекеттерден, абайсызда жұмыс істеуден, жоғары немесе төмен температураның әсерінен, тоттанудан, тотығудан, бұйымның ішіне бөгде нәрселердің, заттардың, сұйықтықтардың, жәндіктердің және т. б. түсуінен туындаған зақым немесе ақаулар болмаса.

Кепілдік міндеттемелері шығыс материалдарына (мысалы, аккумуляторлар), әрлеу және корпус бөлшектеріне, аксессуарларға және пайдалану мерзімі шектеулі басқа да бөлшектерге, сондай-ақ бұйымға қоса берілетін құжаттамаға қолданылмайды.



## Тісті кәдеге жарату

Өнімдегі немесе оның сипаттамасындағы бұл таңба бұл өнімнің қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін басқа үй қалдықтарымен бірге кәдеге жаратуға жатқызылмайтынын көрсетеді.

Қалдықтарды бақылаусыз кәдеге жарату салдарынан қоршаған ортаға немесе адам денсаулығына ықтимал зиян келтірудің алдын алу үшін осы өнімді қалдықтардың басқа түрлерінен бөліп, оны материалдық ресурстарды ұтымды қайта пайдалану үшін тиісті түрде кәдеге жаратыңыз.

Үй тұтынушылары бұл аспапты экологиялық қауіпсіз қайта өңдеу үшін қайда және қалай жеткізу керектігі туралы толық ақпарат алу үшін өнімді сатып алған бөлшек сауда өкіліне немесе жергілікті билік органына хабарласуы тиіс. Өнер-кәсіптік тұтынушылар жеткізушімен байланысып, сатып алу келісімшартының мерзімдері мен шарттарын тексеруі тиіс. Бұл өнімді кәдеге жаратпаған жөн.



**Өндіруші**

«DONGGUAN LINGDU TECHNOLOGY CO., LTD».  
Қытайда жасалған

**Дайындаушы- заводтың мекенжайы**

№ 1 Longcheng Street, Xiekeng Village, Qingxi Town,  
Dongguan, China

**Дайындаушы уәкілеттік берген тұлға (импорттаушы):**

«Р-Дистрибуция» ЖШҚ, Мекенжайы: Ресей, 195267,  
Санкт-Петербург қ., Просвещения даңғылы, № 86 үй,  
1-корпус, 12-Н кеңсе

**Жедел желі**

**8 800 775-56-29** Ресей бойынша қоңырау шалу тегін

**Өндірілген күні**

2023 ж. 3-тоқсаны



ReadySkin



[readyskin.su](https://readyskin.su)

**EAC**